| №        | Айлар     | Тақырыптың атауы                                                                                                                                                                      | Сағат саны |
|----------|-----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1.       | қыркүйек  | Біздің қала (ауыл), аудан.                                                                                                                                                            | 1          |
| 2.       | қазан     | Жол таңбаларының белгіленуі.                                                                                                                                                          | 1          |
| 3.       | қараша    | Қосымша секциялары бар бағдаршамдар.                                                                                                                                                  | 1          |
| 4.       | желтоқсан | Жол реттеушісінің белгілері.                                                                                                                                                          | 1          |
| 5.       | қаңтар    | Жол жүру белгілері және олардың қолданысы.                                                                                                                                            | 1          |
| 6.       | ақпан     | Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері. Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ. Қоғамдық көлік.                                                            | 1          |
| 7.       | наурыз    | Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа-райының әсер етуі.                                                                                                                                | 1          |
| 8.       | сәуір     | Велосипедпен жүру.                                                                                                                                                                    | 1          |
| 9.       | сәуір     | Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері. | 1          |
| 10.      | мамыр     | Қорытынды сабақ.                                                                                                                                                                      | 1          |
| Барлығы: |           |                                                                                                                                                                                       | 10         |

#### 6-сынып

| №        | Айлар     | Тақырыптың атауы                                                            | Сағат саны |
|----------|-----------|-----------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1.       | қыркүйек  | Жол жүру ережелері (қайталау).                                              | 1          |
| 2.       | қазан     | Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.           | 1          |
| 3.       | қараша    | Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.                  | 1          |
| 4.       | желтоқсан | Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы.                      | 1          |
| 5.       | қаңтар    | Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек.                  | 1          |
| 6.       | ақпан     | Жол қозғалысының қауіпсіздігі.                                              | 1          |
| 7.       | наурыз    | Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері. | 1          |
| 8.       | сәуір     | жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол "қақпан".                 | 1          |
| 9.       | сәуір     | Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу .             | 1          |
| 10.      | мамыр     | Қорытынды сабақ.                                                            | 1          |
| Барлығы: |           |                                                                             | 10         |

## 7-сынып

| №        | Айлар     | Тақырыптың атауы                                                                                                            | Сағат саны |
|----------|-----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1.       | қыркүйек  | Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі.                                                                               | 1          |
| 2.       | қазан     | Көлік құралдарын пайдалану ережелері.                                                                                       | 1          |
| 3.       | қараша    | Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары.                                                                           | 1          |
| 4.       | желтоқсан | Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы.                                                                             | 1          |
| 5.       | қаңтар    | Қозғалыс жол жолағы. Басып озу.                                                                                             | 1          |
| 6.       | ақпан     | Жүргізушілердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі.                                                               | 1          |
| 7.       | наурыз    | Автокөлікте медициналық қобдишаның болуы.                                                                                   | 1          |
| 8.       | сәуір     | Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері.                                                          | 1          |
| 9.       | сәуір     | Велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері. | 1          |
| 10.      | мамыр     | Қорытынды сабақ.                                                                                                            | 1          |
| Барлығы: |           |                                                                                                                             | 10         |

## 8-сынып

| №   | Айлар     | Тақырыптың атауы                                                                                                            | Сағат саны |
|-----|-----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1.  | қыркүйек  | Жол жүру ережесінің пайда болу.                                                                                             | 1          |
| 2.  | қазан     | Жол белгілерінің халықаралық тілі.                                                                                          | 1          |
| 3.  | қараша    | Қозғалысты реттеу нысандары.                                                                                                | 1          |
| 4.  | желтоқсан | Жол белгілері.                                                                                                              | 1          |
| 5.  | қаңтар    | Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі.                      | 1          |
| 6.  | ақпан     | Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) әңгімелесу.                                                    | 1          |
| 7.  | наурыз    | Жол қиылысынан өту және жаяу жүргіншілер өтпелері. Қоғамдық көлік аялдамалары.                                              | 1          |
| 8.  | сәуір     | Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек.                                    | 1          |
| 9.  | сәуір     | Буын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмек.                   | 1          |
| 10. | мамыр     | Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар. | 1          |
|     |           | Қорытынды сабақ.                                                                                                            | 1          |

8 қыркүйек күні №9 жалпы орта білім беретін мектептің 5 а, 5 б, 5 е сыныбында жолда жүру ережесіне байланысты «Жол ережесін есте сақта», «Абайлаңдар, балалар» атты сынып сағаты өтті. Сынып жетекшілері Б.Байниязова, Ө.Қосымбаева, Н.Ибрашева Мақсаты: 1. Оқушыларды жол белгілерімен, жолда жүру ережелерімен таныстыру. 2. Жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жарақаттар немесе түрлі жағдайлар туралы әңгімелеу. 3. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережелерін, қауіпсіздігін білуге, есте сақтауға тәрбиелеу.

№9 мектеп бойынша «Абайлаңыз - балалар!» жедел-профилактикалық іс-шаралар жоспары жасалып, осы жоспар бойынша сынып сағаттары өткізілді.

| Р/с | Өткізілген іс-шара мазмұны        | Сыныбы         | Жауапты           | Уақыты     |
|-----|-----------------------------------|----------------|-------------------|------------|
| 1   | Жолда жүру ережелерін білесің бе? | 1а,б,в,г,д,е,ж | Сынып жетекшілері | 11.09.2023 |
| 2   | «Бағдаршам - біздің досымыз»      | 2а,б,в,г,д,е,ж | Сынып жетекшілері | 11.09.2023 |
| 3   | Бағдаршам және біз!               | 3а,б,в,г,д,е,ж | Сынып жетекшілері | 11.09.2023 |
| 4   | Байқа балақай!                    | 4а,б,в,г,д,е,ж | Сынып жетекшілері | 11.09.2023 |
| 5   | «Жүргізуші және жол тәртібі»      | 5а,б,в,д,е,ж,з | Сынып жетекшілері | 12.09.2023 |

|    |                                            |                |                   |            |
|----|--------------------------------------------|----------------|-------------------|------------|
| 6  | Жолда жүру ережесін сақтаймыз!             | 6а,б,в,д,е,ж,з | Сынып жетекшілері | 12.09.2023 |
| 7  | Жол тәртібін білейік, Аман – есен жүрейік! | 7а,б,в,д,е,ж,з | Сынып жетекшілері | 12.09.2023 |
| 8  | Жолда жүру ережесінжадыңда ұста!           | 8а,б,в,д,е,ж,з | Сынып жетекшілері | 12.09.2023 |
| 9  | «Жол белгілерін білу міндет»               | 9а,б,в,д,е,ж   | Сынып жетекшілері | 13.09.2023 |
| 10 | «Жолдағы қауіпсіздік»                      | 10а,б,в,д,е    | Сынып жетекшілері | 13.09.2023 |
| 11 | «Жасөспірім – ертеңгі көлік жүргізуші»     | 11 а,б,д,е,    | Сынып жетекшілері | 13.09.2023 |

Білім алушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру, іс – жүзінде асыра білуге үйрету мақсатында 11 қыркүйек күні №9 жалпы орта білім беретін мектепте полиция капитаны Иманалиев Асылбек, полиция кіші лейтенанты Асқарұлы Сағидолла білім алушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/C7bi5S6oGRF/?igsh=dWw4Y2Q5eG4zanVu>

<https://www.instagram.com/reel/C7bkC4TI31C/?igsh=NHbHmZBvY2x1ejhs>

<https://www.instagram.com/reel/C7bkrxKoICr/?igsh=bGkxOXR1Z2czaWRv>

### **№9 жалпы орта білім беретін мектепте құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің, суицидтің алдын алу бойынша жасалған жұмыстар хабарламасы**

2023-2024 оқу жылында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында арнайы жұмыс жоспары құрылып, мектеп басшысымен бекітіліп, Жылыой ауданы Ішкі істер бөлімімен ІІБ келісілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшесімен бірлесіп атқаратын іс-шаралар жоспарларын басшылыққа ала отырып, мектеп бойынша кәмелетке толмаған мектеп жасындағы балалардың тәртіпсіздігі мен төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары сабаққа кешігу, мектеп формасын сақтамау, сабақ процесіндегі кішігірім тәртіпсіздіктер мәселесін қарап, түсінік жұмыстарын жүргізді. Анықталған оқушылардың ата-анасымен сұхбаттасу, кездесу жұмыстары жүргізіліп, ақыл-кеңестерін мектеп психологтары беріп отырды. Жаңа оқу жылы басында мектеп директоры мен ата-ана арасында келісімшарт жасалады. Бұл келісім шартта төмендегі ескертулер жазылды:

- 1)Ата-аналар баласының оқуы мен тәрбиесін өз жауапкершілігіне алады.Ата-ана балаларының сабақтан себепсіз қалмауын және кешікпеуін қамтамасыз етеді.
- 2) Ата-ана баласының өмір қауіпсіздігіне :мектеп алды дайындық және жалпы бастауыш сынып оқушыларын ата-аналары мектепке әкеліп, алып кетуге;мектептен тыс уақытта, мереке және күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы демалыс кездерінде

баланың өмір қауіпсіздігіне тікелей жауапты;  
3) Ата-ана баласының мектептен тыс мекемелерде қосымша білім көтеруіне;  
4) Баланың мектеп формасын қатаң сақтауын қадағалауға  
5) Мектепте ұялы телефон қолдануға болмайды, жоғалған кезде мектеп әкімшілігі жауап бермейтіні туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.  
Қыркүйек айында Кәмелетке толмағандар жөніндегі полиция инспекторлары білім беру мекемелерімен, ата-аналармен бірлесіп жасөспірімдердің өзін-өзі сақтау ережелерін үйрету мақсатында 9-11 сынып оқушыларына бейне роликтер көрсетіліп жиналыс өткізілді. Мектеп оқушылары арасында ерте жыныстық қатынасқа түспеу үшін жасөспірімдердің психологиялық және биологиялық тұрғыдан дамуы, жыныстық азаптан арылу тәсілдері, ерте жаста жүкті болу адам ағзасына зиянды әсерін тигізетіні жөнінде т.б. тақырыптарды талқылайтын арнайы түсінік жұмыстарын жүргізу мақсатында қазан айында 9-11 сыныптарда сынып сағаттары және 5-8 сынып оқушыларына «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында сауалнама өткізілді. Оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, құқықтық білімдерін толықтыру мақсатында 6 желтоқсан күні 9 «ж» сынып жетекшісі С.Станова «Профилактика право нарушений», 8 «в» сынып жетекшісі А.Хасанова «Құқық бұзушылықтың алдын алу», 9 «а» сынып жетекшісі Г.Баймұратова «Менің құқығым мен міндеттерім» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізді.

8.12.2023 ж. күні тәрбие орынбасары Н.Айтыбасова және мектеп психологтарының ұйымдастыруымен 7 сынып оқушыларына «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында, 22.12.2023ж. күні 9 «ж» сынып жетекшісі С.Станованың ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушыларына «Мы против насилия!» тақырыбында, зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру мақсатында тәрбиелік шаралар өткізілді. 2023 жылдың 7 қыркүйек күні Атырау облысы полиция департаменті бастығы бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Сейдуалиев Абдигали Тойшиевич, Аудан әкімінің орынбасары Г.Айшуақова, Жылыой аудандық полиция бөлімінің бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Ықылас Ринат Абатович,

Жылыой аудандық полиция бөлімінің бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Н.А.Нәсіпкерейұлының қатысуымен 9-11 сыныптың ұлдарына жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын –алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу мақсатында жиналыс болып өтті.

Жиналыс барысында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша оқушыларға қоғамдық орында өзін-өзі ұстау, жалпы пайдалану орындарын ластамау, қоғамдық орындарда тыныштықты бұзбау, көше ережесін бұзбау, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау туралы және де ҚР-ның әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің баптарымен таныстыра отырып, заң бойынша кәмелетке толмаған балалардың түнгі сағат 11-ден

кейін көшеде, ойын сауық өтетін орындарда жүрмеуі керек екендігін, қазіргі кезде жасөспірімдер арасында кездесетін қылмыстық оқиғалардан аулақ болу және оны болдырмау керектігі айтылды. Балаға қарсы жасалған зорлықты анықтау және алдын алу бойынша тұрақты негізде жағдайы нашар отбасыларда тәрбиеленіп жатқан, сондай-ақ үлгерімнің нашарлығы, сабақтан жиі кешігу, сабақтарға келмеу, қанағаттанарлықсыз мінез-құлық, мектеп формасын сақтамау, сабақ процесінде кішігірім тәртіпсіздіктер мәселесін қарап, темекі шегу және т.с.с балалармен профилактикалық әңгімелер үнемі жүргізіліп келеді. Сынып жетекшілердің сұранысы бойынша мектеп психологтары Г.Мұқтазарқызы мен А.Утеуова кәмелетке толмағандармен профилактикалық әңгімелер жүргізді.

10.01.2024ж. күні мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларына «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын-алу» тақырыбында Атырау облысы полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы полиция полковнигі Бигамбаев Ерлан Валерьевич, Облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі Ювеналды полиция тобының ерекше тапсырмалары жөніндегі аға инспекторы полиция подполковнигі Кушкалиева Орынгуль Жангалиевна, Жылыой аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары полиция подполковнигі Нәсіпкерей Арман Нәсіпкерейұлы, Жылыой ауданы прокурорының орынбасары Ажмуханбетов Сайд Аскеровичтің қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жиналыс өтті. Мектеп психологтары Г.Мұқтазарқызы және А.Утеуова мектебімізде жасөспірімдердің «өзін-өзі қол жұмсау» оқиғаларының алдын-алу бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізіп келеді. Атап айтсақ, суицидтің алдын алу жоспарын басшылыққа алып, қыркүйек айында 9-11 сынып оқушыларынан «Өмір сен маған қымбатсың» тақырыбында эссе алды. Эссенің мақсаты: оқушылардың төмен, орташа, жоғары көрсеткіш бойынша қобалжу деңгейін анықтау. Қорытындысында тәуекел тобына кіретін оқушылар жоқтығы анықталды. Аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын –алуда психокоррекциялық сабақтар қажетіне қарай өтті. Қазан айында «жүрмелі тренинг» аудандық іс –шара бойынша арнайы психологтар шақыртылды, 8-11 сыныптар арасынан сынып жетекшілері ұсынған оқушыларға «Болашағың –өз қолыңда» тақырыбында өзін-өзі қол жұмсау оқиғаларының алдын алу мақсатында тренинг өткізілді. «Булинг және кибербулинг» тақырыбында тренинг жаттығулар өткізілді.

Оқушылардың күйзеліс жағдайы мен агрессия кезінде өзін-өзі ұстай білуіне көмектесу, жасөспірім кезіндегі кездесетін кибербулинг және булинг себептерін анықтау, қиыншылықтардың алдын алу мақсатында бейнероликтер көрсетіліп, кибербулингтен қалай сақтану керектігі туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

Мектепшілік діни экстремизмге қарсы күрес және олардың алдын алу бағытында жұмыс жоспары жасақталып, бекітірілді. Жоспар бойынша қыркүйек айында дінге бейім оқушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде дінге бейім, орамал

тартатын оқушылар жоқ екендігі анықталды. Қазан айында 9-11 сынып оқушыларынан «Менің дінге көзқарасым» тақырыбында сауалнама алынды, «Дінен адастырар теріс ағым» тақырыбында бейнролик көрсетілді. Қараша айында оқушыларға ислам діні туралы түсінік беру, діни экстремизм мен терроризм жайлы, діни ағымдардың қоғамға әсері туралы түсінік беру мақсатында 1 - 4 сыныптарда «Менің дінім ислам», 5-11 сыныптарда «Дін - тәрбиенің рухани діңгегі» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. 12.01.2024 күні 11 «е» сынып жетекшісі Қ.Есекеева «Экстремизм и терроризм – угроза обществу», 9 «ж» сынып жетекшісі С.Станова «Терроризм и экстремизм» тақырыптарында тәрбиелік шара өткізді. Мектепте құқық бұзушылыққа бейім балалармен жүргізілетін жұмыстар, жасы кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар мен олардың алдын алу, құқықтық тәртіпті нығайту бағытында алдын алу шаралары, діни экстремизм және, суицидтің алдын алу жұмыстары алдағы уақытта да жоспарлы жүзеге асырылып отырады. Құқықтық білім беру бағытында Жылыой аудандық полиция бөлімінің бастығының бірінші орынбасары полиция полковнигі М.Н.Демегеновпен «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын-алу» тақырыбындағы отырыс болып өткен. ПБ-нің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі облыс көлемінде өтіп жатқан жасөспірім жедел профилактикалық акция төңірегінде сол тақырып аясында 9-11сынып арасында оқушыларға түсінік жұмыстары жүргізген. Жиналыстың мақсаты: жасөспірімдер арасында қылмыстардың алдын алу. Мектеп психологтары жоғары сынып оқушыларына «Менің сүйікті істерім», «Мен қалаған мамандық», «Адал дос қандай болу керек?» тақырыптарында анкеталар жүргізіп, қорытындылаған. Есепке алынған оқушылардың пән мұғалімдерімен байланысы және ата-анамен байланыс дәптерлері, анкеталар мен сауалнамалар, рейд қорытындылары жинақталды. Қазіргі таңда жанұяның тәрбиесінен тыс қалған, бақылаусыз оқушы жоқ. 8-10 сынып жетекшілері «Жастар арасындағы қылмыстың көбею себептері» тақырыбында сынып сағаттарын өткізсе, тәрбие ісі меңгерушілерінің ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Құқық қорғау қызметкерлері аға учаскелік инспекторы, полиция майоры Бекмурзаев Ерлан және Ж.Жанайдаровамен жиналыстар өткізіліп, хаттамаланды. Мақсаты: жасөспірімдер қатыгездігінен оқушылар арасында болған ұрып-соғу, төбелесу, білім ұйымдарындағы оқушылардың жоғалып кетуі т.с.с келеңсіз оқиғаларды айта отыра, оқушыларды тәртіпті болуға, бос уақыттарында пайдалы іспен шұғылдана білуге шақыру. Жиналыс барысында оқушыларға қоғамдық орында өзін-өзі ұстау, жалпы пайдалану орындарын ластамау, қоғамдық орындарда тыныштықты бұзбау, көше ережесін бұзбау, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау туралы айтылып өтті. Жиналысқа 58 оқушы қатысты.

Сондай-ақ , Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге болмайтындығы, жүрген жағдайда ҚР Әкімшілік кодексінің 336/4 бабына сәйкес әкімшілік айыппұл салынатындығы , қоғамдық орындарда, көшеде, мектеп ішінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтамаған жағдайда, қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда (шемешке шағу, шылым шегу, алкогольдік ішімдіктерді пайдалану т.б) Әкімшілік кодексінің 336, 330. баптарына сәйкес ата-анасына айыппұл салынатындығы ескертілді. Сәуір айында 5-7 сыныптарға «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында тренинг жаттығу өткізіліп, презентация көрсетіліп, кибербуллингтен қалай сақтану керек туралы түсінік жұмыстары жүргізілген. Мақсаты: жасөспірім кезіндегі кездесетін кибербуллинг және буллинг себептерін анықтау, қиыншылықтардың алдын алу. 8-9 сыныптарға «Біз кибербулингке қарсымыз!» тақырыбында флешмобтар ұйымдастырылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша алқалы кеңес іс- шара жоспарлары жасақталып, бұйрығы мектеп басшысымен бекітілді. Сабаққа қатыс 1-4, 5-8, 9-11 сыныптар журналдары мектеп директоры қолымен шнурланып, бекітілді.

Дәлелсіз себептермен сабаққа қатыспай жүрген (оқумен қамтылмаған) оқушылардың есебін алу және олардың себептерін анықтау бойынша (охвад) құжаттары жинақталды. «Түнгі қаладағы балалар» рейдтік іс-шараларын, оқытумен қамтылмаған балаларды анықтау бойынша аулаларды аралауын өткізілген, жоспар бар, хаттамаланды. Ата-аналармен біріккен «Жасөспірім», «Түнгі қала» профилактикалық іс-шаралары ұйымдастырылады.

**Мектепте қауіпсіз ортаны қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың құқықтарын қорғау бойынша:**

Сенім телефондарының тізбесі, ақпараттық стенд және сенім жәшігі бар. Байланыс нөмері: 3-55-96. Сенім жәшіктерінің ашу туралы комиссия құрамы, бұйрығы бар, тіркеу журналы мектеп директоры қолымен шнурланып, бекітілді.

Сондай-ақ, техникалық бақылау құралдары, дабыл түймесі, турникеттер, бейнебақылау камералары бар, видеокамерамен жабдықталды.

**Бастауыш мектеп** -18 бейнебақылау камера,

**Негізгі мектеп** – 77 бейнебақылау камера,

**Барлығы** - 95 бейнебақылау камералары бар ғимарат сыртында – 15, ғимарат ішінде – 80;

**«Жас тәртіп сақшыларының» қоғамдық ұйымы** «Жас сарбаздар» тобы мектеп басшысының бұйрығымен құрылған. Аудандық, облыстық байқаулар жүлдегерлері. «Адал ұрпақ» клубтарының жұмысы бар, мектеп басшысының бұйрығымен

құрылған «Парасатты азамат» бұрыштарының жасақталуы стендтер бар. Мектебімізде АӘД пәні мұғалімі А.Булатов «Жас сарбаздар» (кадет сыныбы) сынып оқушылары мен ата-аналары және құқық қорғау орган қызметкері қатысуымен жиналыс өткізді. Мақсаты: білім беру ұйымдарында атыс қаруларын сақтау мен қолдану туралы кеңінен түсінік беру.

Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау. Жиналысқа «Жас сарбаз» жас инспекторлар клуб мүшелері және тәрбие ісі орынбасары А.Беккулиева мен Жылыой АПБ-ң ЖПҚБ-ның ЮПТ учаскелік полиция инспекторы, полиция лейтенанты Л.Сайынова қатысты. АӘД пәні мұғалімі А.Булатов оқушылар мен ата-аналармен амандасып, сөзін жалғастырды. АӘД пәні мұғалімі А.Булатов : «Мектебімізде жас сарбаздарымыздың әскери-патриоттық түрлі іс-шараларға қатысу кезінде қару-жарақтарды пайдалану , сақтау, әсіресе, «оқжатарға оқ жинау», «автомат шашу» т.б басқа жарақаттаушы заттардан қорғану мақсатында олардың өмірі мен денсаулығына аса мән беру керек екенін, қауіпсіздік ережелерді қатаң сақтау үшін барлық қауіпсіздік шаралары жасалғанын айтып өтті. Балалардың қауіпсіздігі мен қорғанысы тек бақылау камерасы, өткізу режимі, дабыл түймелері ғана емес, төтенше жағдай кезіндегі оқушылардың өзін-өзі ұстауы, қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру да өте маңызды екеніне тоқталды..» Осы мәселе төңірегінде АПБ-ң ЖПҚБ-ның ЮПТ учаскелік полиция инспекторы, полиция лейтенанты Л.Сайынова: «Мектеп оқушыларының арасында бұзақылықтар мен заң бұзушылықтар жиілеп кеткенін, сондықтан, мектепке алып кіруге болатын заттардың тізімі жасалып, күзетшілердің қадағалауы қажет екенін айтты. Балалар – біз үшін ең қымбат және олардың қауіпсіз болуына бар жағдайды жасауымыз қажет. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық сақтық шаралары қабылдануы қажет. Ата-аналар да мектеп пен білім ордасын қауіпсіз және қолайлы қылу үшін атсалысуы қажет» - деп, түйіндеді өз сөзін.

Мектепте құқықбұзушылық, суицид, деструктивті діни ағымдардың алдын-алу, зорлық-зомбылық , ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушыларымен ақпараттық түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіледі.

Кездесуге аудандық ішкі саясат бөлімінен теолог маман Нұрниязов Ақылбек, Жылыой АПБ-нің ЖПҚБ-нің ЮПТ-нің аға УПИ-ы полиция аға лейтенанты Жолдасқалиева Жанаргүл, аудандық емхана психологы Досанова Қаным Сырымқызы және аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинет әдіскері Әубекер Гаухар Амандәулетқызы қатысты. Қатысқан оқушылар саны: 72. Жиналыс барысында үнемі көшеде кешкі мезгілде сағат 22.00 – ден кейін жалғыз жүруге болмайтындығы, жүрген жағдайда ҚР Әкімшілік кодексінің 336/4бабына сәйкес әкімшілік айыппұл салынатындығы , қоғамдық орындарда, көшеде, мектеп ішінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтамаған жағдайда, қоғамдық тәртіпті

бұзған жағдайда (шемешке шағу, шылым шегу, алкогольдік ішімдіктерді пайдалану т.б) Әкімшілік кодексінің 336. 1, 330. баптарына сәйкес ата-анасына айыппұл салынатындығы ескертіп отырады. 9 «а» сынып жетекшісі Г.Баймуратова сынып оқушыларымен «Жасөспірім және заң» тақырыбында құқық пәнінің мұғалімімен әңгіме жүргізді. Құқықтану негіздері пән мұғалімі оқушылардың арасында кездесетін қылмыстық оқиғалардың алдын-алу мақсатында мектепшілік линейкада «Жасөспірім және заң» тақырыбында хабарлама жасады. Қазіргі кезде жасөспірімдер арасында кездесетін қылмыстық оқиғалардан аулақ болу және оны болдырмау шараларына тоқталып өтті. Сондай-ақ 11 «а» сынып жетекшісі А.Орынбекова “Өз құқығыңды білесің бе?” тақырыбында сынып сағатын өткізді. Сынып сағатының барысында оқушыларға құқық туралы түсінік бере отырып, қылмыстық оқиғалардың алдын алу шараларына тоқталып өтті. Мектеп директоры жанындағы кеңесте «Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңының мектеп бойынша жүзеге асырылуы туралы» мәселесі қаралды. Осы Заң кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды. Атап айтсақ, «Жасөспірім және көше» 9-11 сынып жетекшілері кезекшілікке қойылып, рейд жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: сабақтан себепсіз қалған оқушылардың үйіне бару, кешкілік уақытта оқушылардың жүрмеуін қадағалау, кәмелетке толмағандар арасында ұсақ құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою.

Мектебімізде мектеп оқушыларының құқықтық танымын арттыру және елімізде құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында бір күндік акция өткізілді. Мақсаты: кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі, құқық бұзушылық және оның түрлері, азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы әңгімелей отырып, оқушыларды қоғамда болып жатқан келеңсіз жағдайлардан сақтанып жүруге тәрбиелей отырып, оқушылардың құқық бұзушылық туралы ойларын дамыту болатын.

Каникул күндерінде ата-ананың қамқорлығысыз қалған, аз қамтылған отбасылар балаларының ойын-сауық кешендеріне баруды ұйымдастыру жоспарланып, қамқорлық акция кезінде ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен, құқық қорғау органдары қызметкерлермен бірлесіп, қараусыз, қадағалаусыз қалған жағдайы төмен жанұялар мен оралман балаларын, сондай-ақ дәлелсіз себеппен сабаққа қатыспаған мектеп жасындағы балаларды анықтау мақсатында рейдтер ұйымдастырылып, кесте құрылып, бекітілді. Кезекшілікке шыққан мұғалімдер мезгілсіз уақытта көшеде жүрген оқушылардың жоқ екендігін анықтады. Сынып жетекшілер оқушыларының сабаққа қатысын үнемі бақылауда. Сабаққа келмей отырған оқушы жоқ болды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02gLrRpZrBvGRq5x7hq5jXbDUtPBRXas6PkUpUiBRqzHtj4BzZ5SqggzjnGBRQ6psUl&id=100051804199809&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02gLrRpZrBvGRq5x7hq5jXbDUtPBRXas6PkUpUiBRqzHtj4BzZ5SqggzjnGBRQ6psUl&id=100051804199809&mibextid=Nif5oz)

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid025HMsztgdgBfobVN1vkAyzbk7iFsc66nhYyXBD1Q37V6hPDSxaKeDYyyvPCzZ3KuWl&id=100043331927935&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid025HMsztgdgBfobVN1vkAyzbk7iFsc66nhYyXBD1Q37V6hPDSxaKeDYyyvPCzZ3KuWl&id=100043331927935&mibextid=Nif5oz)

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02uZHkLtaXDSTJKUK6iyZwqwsog3eX9nh9BXgsNBVwTKcJaYbm2wkHTmiDnKC15yqDl&id=100043331927935&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02uZHkLtaXDSTJKUK6iyZwqwsog3eX9nh9BXgsNBVwTKcJaYbm2wkHTmiDnKC15yqDl&id=100043331927935&mibextid=Nif5oz)

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0U9cJFK5sECnrMWsEkSyfGdaQZhMBwkB5aCq7HTcuXsyaT9LARSeVt7x4oFVccMDcl&id=100051804199809&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0U9cJFK5sECnrMWsEkSyfGdaQZhMBwkB5aCq7HTcuXsyaT9LARSeVt7x4oFVccMDcl&id=100051804199809&mibextid=Nif5oz)

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02z2SmjpZiEiFBqCBetzT8ZJhbwN1qD5hg3KZcZK35qBpWUm2UyqCtr4NnYkiaUkvsl&id=100051804199809&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02z2SmjpZiEiFBqCBetzT8ZJhbwN1qD5hg3KZcZK35qBpWUm2UyqCtr4NnYkiaUkvsl&id=100051804199809&mibextid=Nif5oz)

### **№9 жалпы білім беретін мектеп бойынша «Қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны туралы өткізілген жұмыстардың хабарламасы**

№ 9 мектеп әкімшілігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 8-20 қараша күндері «Қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны туралы өткізілген жұмыстар туралы төмендегідей хабарлайды.

Мектептішілік «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны 8 қараша мен 20 қараша аралығында өткізу туралы № 29 бұйрығы шығарылып, жұмыс жоспары бекітілді. Мақсаты: қоғамның назарын балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселелеріне аудару, қоғамда балаларды қатыгез ұстауға төзбеушілік қалыптастыру.

9 қараша күні «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқанының ашылуын жоғары сынып жетекшілері ұйымдастырды. Оқушыларға ақпараттық науқанның мақсаты мен міндеттері айтыла отырып, балаларға қатысты жадынамалар таратылды.

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында оқушыларға ақпарат беру мақсатында 9 «Ж» сыныбының сынып жетекшісі С.Станова өз сыныбымен бірлесе отырып ақпараттық стенд жасап ілді. Ілінген ақпараттық стендте зорлық-зомбылықты алдын алу мәселелері және балалардың құқығы мен міндеттері жазылған. Мектеп психологтары «Зорлық- зомбылықты алдын алу» 5-11 сынып оқушылары арасында жасырын сауалнама жүргізді. Алынған сауалнаманы тексере отырып, мектепте бопсалау, әлімжеттік күш көрген, ата-анасының қатыгездігін көріп отырған балалар анықталған жоқ.

8-11 сынып оқушылары арасында «Әлемді зорлық-зомбылықсыз құру жолдары» тақырыбында эссе жазу байқауын қазақ тілі пән мұғалімдері ұйымдастырды. Эссеге 8-11 сынып оқушылары белсене қатысты.

Эсселерін тексеру барысында 8 «А» сынып оқушылары, 9 «А» сыныбының оқушылары, 10 «Б» сыныбының оқушылары және 11 «Б» сыныбының оқушылары мақтау қағаздарымен марапатталды.

1-4 сынып оқушылары «Бақытты балалық шақ!», «Бақытты отбасы» тақырыбында сурет көрмесін ілді. Салған суреттеріне бейнелеу пән мұғалімдері сыныптар бойынша орын ұйымдастырды. 1 орын 3 «А» сыныбы, 2 орын 3 «Б» сыныбы, 3 орын 4 «В» сыныбына берілді.

8 қараша мен 20 қараша аралығында 1-11 сынып жетекшілері «Өкпелеу және қорлаудан сақ балалар!» тақырыбында сынып сағаттарын және ата-ана жиналыстарын өткізді. Жиналыстар хаттамаланды.

11 қараша күні «Өмірдің қауіпті қырлары және олардан өту жолдары» тақырыбында 11 «б» сыныбының сынып жетекшісі ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: балаларға зорлық-зомбылық, қатыгездікке жол бермеуге, өз-өздеріне сенімділікті тудыруды қалыптастыру. Осы мақсатты негізге ала отырып, сабақты ұйымдастырды. Оқушыларға әр-түрлі сұрақтар қойылды, жағдаяттарды шешті және зорлық-зомбылықтың түрлеріне тоқталды.

«Біз және әлем!», «Өмірдің жақсы қырлары» тақырыптарында видеороликтер көрсетілді.

14 қараша күні 5-7 сынып оқушылары «Бала құқығы» тақырыбында қабырға газеттерін шығарып ілді. 7 «А», 8 «В» сыныптары «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында буклет жасап көрмеге қойды.

15-17 қараша күндері кесте құрылып, мектеп әкімшілігінен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен мектеп психологтары «Түнгі рейд» жұмысына шықты. Рейд кезінде құқық бұзушылық және ата-анасыз жүрген жасөспірімдер ұсталған жоқ.

17 қараша күні мектеп психологы Г.Мұхтарқызы 7-8 сынып оқушыларына «Өмір-баға жетпес сый» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізді. Қатысқан оқушылар саны - 60. Оқушыларға жүргізілетін тренинг мақсаты, ережелері толықтай таныстырылды. Тренинг барысында адам үшін өмірдің құндылығын, оның қымбат екендігі жөнінде мағлұматтар беріліп, «Әңгімелесу», «Сөйлемді жалғастыр», «Мимимка» жаттығуларын қызығушылықпен орындады. Оқушылармен әңгімелесу барысында, өмірдегі кездесетін сәтсіздіктерді уақытша қиындық деп қабылдау керектігін, әр нәрсенің соңын шыдамдылықпен күтіп, не істесең де ойланып істеуге үйрену және сабырлы, шыдамды, төзімді болуға тырысу керек екені айтылып, соңынан қызықты өмір сүру үшін кеңестер берілді.

Қорытындылай келе, қатысқан оқушылар тренингке қызығушылықпен, белсенділікпен қатысып, қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар беріліп, жаттығуларды ықыластарымен орындап өмірдің барлық сәтсіздіктері бақытсыздық емес екендігін ұғынуға мүмкіндік алды.

20 қараша күні «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқанының жабылуы ұйымдастырылды. Ақпараттық науқанға белсене қатысқан оқушыларды мақтау қағазымен марапаттап, алғыс хаттар табысталды.

8 қараша мен 20 қараша аралығындағы «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны құрылған жоспарға сәйкес жүргізіліп материалдары жинақталды.

**2023-24 жылдарға арналған «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың және балаларға қатыгездікпен қараудың алдын – алу» профилактикасының ведомствоаралық жұмысы бойынша жасалған іс-шаралар**

2023-2024 оқу жылына арналған «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың және балаларға қатыгездікпен қараудың алдын – алу» профилактикасының ведомствоаралық жұмыс жоспары құрылып, Жылыой ауданы білім бөлім басшысымен келісіліп, мектеп басшысымен бекітілді.

Кәмелетке толмағандардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгездікке төзімсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне қоғамның назарын аудартуға бағытталған «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір», «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн» атты халықаралық акциялар мен онкүндіктер ұйымдастырылды. Сондай-ақ, 2023-2024 жылға арналған «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы жөніндегі саясатты қайта қарау , әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды заңнамалық тұрғыдан күшейту, отбасылық құндылықтарды ілгерілету жол картасы бойынша медиа-жоспар іс-шаралар жоспары төмендегідей жасақталып , бекітілді.

**Атап айтсақ:** 1)Мәдени –ағарту және ақпараттық-насихаттау іс-шараларын, балаларға зорлық-зомбылық және қатыгездік жасауға қарсы тұруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

2) Зорлық-зомбылық және кәмелетке толмағандардың өзге де бұзылған құқықтары мәселелері бойынша «сенім телефондары», «жедел желі» жұмыстарын жандандыру;

3)Сексуальдық зорлыққа ұшыраған, қиын тұрмыстық жағдайдағы балалардың үйлерін медициналық қызметкерлердің аралауын қамтамасыз ету;

4)Балаларға қатысты зорлық-зомбылықты, оның ішінде жыныстық зорлық – зомбылықты анықтауға бағытталған мектеп медицина қызметкерлерінің және ювеналдық полицияның жұмысын жандандыру бойынша шаралар қабылдау;

5)Педагогтермен ата-аналар арасында қауіпсіздік тақырыбы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу. Заңсыз ақпаратқа, сондай –ақ порнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын сайттарға қол жеткізу жағдайларының алдын алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

Бейнебақылау камералар арқылы үнемі бақылаулар қамтамасыз етілуде.

Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында жүру фактілерін, оларға алкогольді және шылым өнімдерін сату, олардың есірткі заттарын ұстану және өзге де қылмыстық әрекеттерді анықтау мақсатында жастардың көп шоғырланатын орындарын тексеру бойынша рейтинг іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

**2023 жылдың 16-25 қараша аралығында** «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» және «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн» республикалық науқанның іс-шара жоспары құрылып, мектеп басшысымен бекітілді.

## **Атап айтсақ:**

**7.12.2023ж.** күні тәрбие ісі орынбасарлары және мектеп психологтары Г.Мұхтазарқызы мен А.Утеуованың ұйымдастыруымен «Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында жоғары сынып оқушылары арасында тренингтер өткізілді.

**8.12.2023ж.** күні «ХАБАРЛАСЫҢЫЗ! КӨМЕКТЕСЕМІЗ!» айдарымен оқушылармен ашық әңгімелер жүргізілді.

**7-12.12.2023ж.** аралығында 5-11 сыныптар арасында «Өмірдің қауіпті жағдайлары және одан өтудің жолдары» және 1-4 сыныптар арасында «Әрбір бала зорлық – зомбылықсыз балалық шаққа құқылы!» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Барлық сыныптарда сынып жетекшілер «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңын түсіндіру, таныстыру мақсатында сынып сағаттарын өткізді. Бала құқығын қорғауға қатысты бірнеше заң қабылданғаны және сол заң ерекшеліктері туралы мәлімет берілді. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары, баланың негізгі құқықтары мен міндеттері, бала және отбасы туралы тараулары мен баптары оқылып, талданды.

**13.12.2023ж.** күні әлеуметтік қатерлі жағдайдағы балалармен отбасыларды анықтау мақсатында «Түнгі қаладағы балалар!», «Жасөспірім», «Көше» сияқты кең ауқымды рейдтер жоспарланды.

**14.12.2023ж.** күні мектеп тәлімгерлері 5-6 сыныптар арасында «Біз салауатты келешек үшін!» флешмобтар ұйымдастырды.

**15.12.2023ж.** күні қазақ тілі мен әдебиет бірлестігі «Қатыгездіксіз әлемді қалай орнатуға болады?» тақырыбында 5-6 сынып оқушылары арасында ең үздік әңгімелер (эсселер) байқауларын өткізді. Жеңімпаздар үздік дипломдармен марапатталды.

**19.12.2023ж.** күні 9 «ж» сынып жетекшісі С. Станова «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алудағы педагогтардың атқаратын рөлі» тақырыбында презентация көрсетті. Мақсаты: тұрмыстық зорлық –зомбылықтың алдын алу, жолын кесу, болдырмау. Адамдардың зорлық-зомбылықсыз лайықты өмір сүруі үшін жағдайлар жасау, қарым-қатынас нысаны ретіндегі зорлық-зомбылыққа жол бермеу туралы мәселелер бойынша ой бөлісті.

**20.12.2023ж.** күні мектептің әлеуметтік педагогы М.Ғизатқызы «Бақытты балалық шақ үшін» атты акция ұйымдастырды. Мектеп психологтары Г.Мұхтазарқызы мен А.Утеуова мектептің «сенім телефоны» мен «сенім жәшігі» жұмыстарын қадағалайды. «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» және «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн» халықаралық акцияларының өткізілгені туралы қорытынды ақпараттар әлеуметтік желіге жарияланды.

<https://www.instagram.com/reel/C24XjCiIE3z/?igsh=MWNqNTlmdzJraWRpbA==>

## **№9 жалпы білім беретін мектеп бойынша нашақорлықтың алдын алу туралы өткізілген жұмыстар туралы хабарламасы**

2023-2024 оқу жылында №9 жалпы орта білім беретін мектеп бойынша «Жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын-алу» бағытында бірлескен іс шара жоспары жасақталып, Жылыой аудандық емхананың психо-нарколог мамандарымен бекітілді. Нашақорлық, есірткі бизнесіне қарсы жұмысты ұйымдастыру мақсатында мектеп дәлізінде стендтер жасақталып, сынып бөлмелерінде денсаулық бұрыштары түрлі мәліметтермен толықтырылды.

Жоспарға сай төмендегідей бірқатар жұмыстар атқарылды.

Атап айтсақ, мектеп психологтары 8-10 сыныптар арасында «Вейп –денсаулыққа қарсы» тақырыбында ой бөлісу өткізді.

Мақсаты: оқушыларға темекі, вейп (есірткі) оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана-сезімдерін дамыта түсу.

Жоғары сынып оқушылар арасында өткізілген ой бөлісу кеңінен талқыланды.

Оқушылар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, жауабын алды.

Жасөспірімдердің есірткімен әуестенуі неге апаратындығы туралы кеңінен айтылып, қорытындылай келе «Есірткіге жолама» атты слайдтар көрсетілді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=465506605186142&id=10005180419980](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=465506605186142&id=10005180419980)

Сондай-ақ мектебіміздің оқушылары Жылыой аудандық полиция бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген бейнероликтер байқауына қатысып, дауыс жинау арқылы (233 дауыс, 991 қаралым) жүлделі II орынға ие болды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=540370311033104&id=10005180419980](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=540370311033104&id=10005180419980)

Нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес және есірткіге қарсы профилактикалық іс-шараның жоспарын орындау мақсатында Жылыой ауданы полиция бөлімімен бірлесе отырып дене шынықтыру пәні мұғалімі Ж. Нурланов «Салауатты өмірді қалаймыз!» ұранымен 7-8 сынып оқушылары арасында (жазғы мектеп) «Есірткісіз салауатты болашақ» атты футбол (аяқ доп) ұйымдастырды.

Мақсаты: оқушыларға салауатты өмір салтын ұстана отырып жасөспірімдер арасында нашақорлықтың, есірткінің алдын алу, жолын кесу.

Спорттық сайысқа «Буровик» және «Геолог» командалары қатысты. «Буровик» тобы I орынға, «Геолог» тобы II орынға ие болды. Жеңімпаздарды ИДН қызметкерлері құттықтап, I орын иегерлеріне кубок пен дипломдар табыстады.

Мектеп медбикесі А.Жубанышева 7-8 сынып қыз балаларына (жазғы мектеп оқушыларына) «Гигиена және біз» тақырыбында лекция оқыса, мектеп психологы А.Жангазиева «Сіз есірткі зардабы туралы не білесіз?» тақырыбында сауалнамалар өткізді. Мақсаты: оқушыларды тазалыққа жинақылыққа, жүйелілікке, ұқыптылыққа, өзара көмек көрсетуге және салауатты өмір салтын ұстана отырып жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=56757506061051&id=10005180419980](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=56757506061051&id=10005180419980)

## **№9 жалпы орта білім беретін мектепте «Сыбайлас жемқорлыққа байланысты» өткізілген іс-шаралар жоспарына хабарлама**

№9 жалпы орта білім беретін мектепте «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» мақсатында іс-шаралар жоспары жасақталып, бекітілді. Жыл басында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» мақсатында мектеп ұжымымен жиналыс болып өтті. Күн тәртібіндегі мәселе «ҚР президентінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңын» басшылыққа ала отырып, мұғалімдер тарапынан оқушылардың еңбегін пайдалануды болдырмауды, мектеп мүддесі үшін ата-аналардың қалтасынан қаражат жинау фактісін алдын алу, мереке күндерінде бағалы сыйлықтарды болдырмау мақсатында мектеп директоры «Сыбайлас жемқорлық және заң» тақырыбында баяндамасын ұжым арасында таныстырды. Іс-шара жоспарын іске асыру мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында «Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл бағдарламаның мақсаты- сыбайлас жемқорлыққа белсене қарсы тұру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесін одан әрі жетілдіру. Қыркүйек айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясы құрылды. Комиссия мүшелері жұма күндері «сенім жәшігі» ашып салынған сұрақтар мен ұсыныстарды талдап, жауаптарын дүйсенбі күні ақпарат тақтасына жариялап отырады. Сонымен қатар тәрбие жұмыстары тарапынан төмендегі жұмыстар атқарылды.

Атап айтсақ, жоспар бойынша тарих пәнінің мұғалімі А.Болатова 10 «д» сыныбында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде дөңгелек үстел отырысы болып өтті.

Жиында тәуелсіздік жылдарында елімізде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңының алатын рөлінің өте жоғары екені туралы сөз болды.

Оқушылар үйден дайындап келген баяндамаларын оқып, жан-жақты талдады.

Қойылған сұрақтарға өз ойларын емін-еркін жеткізе білді. Осы іс-шараға қатысушылар пайдалы ақпарат алып, бір-бірімен қызықты пікір алмасты.

Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты – оның алдын алу, яғни, оның себептері мен шарттарына ықпал болуы керектігін ескерген жөн деп есептеймін, – деп қорытындылады тарих пәнінің мұғалімі Болатова. А.

Сонымен қатар жоғары сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Заң баршаға ортақ, орындау да ортақ мүдде» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің қатысуымен «Менің құқығым – менің бағдарым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

«Жастар – жемқорлыққа қарсы» тақырыбында оқушылар шығармаларын жазып, тапсырды. Әсіресе 9 «а» сынып оқушылары белсенділікпен қатысып, өз ойларын білдірген. 5-11 сынып оқушылар арасында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында мектепшілік суреттер конкурсы өткізіліп, қабырға бұрышы жасақталды.

Аудандық жоспарға сай мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары А.Беккулиева Құлсары газетіне «Оқушының өз ойы» тақырыбында мақала берді.

Сынып жетекшілер «Заң. Оқушы. Міндет» тақырыбында сынып сағаттарын, ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Оқушылар белсене қатысып, өз сұрақтарына жауаптар алды. Алдағы уақытта осындай іс-шаралар мектебімізде жалғасын таба бермек.

<https://www.facebook.com/share/p/L5MzsqJUc17Sz3ia/?mibextid=oFDkn>

